

"Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 7 қазандағы №166 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 287 қаулысы

Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 7 қазандағы №166 "Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4310 болып тіркелген) келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік Тізімінде:

реттік нөмірлері 22, 209, 210, 433, 543 жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірлері 138-1, 206-1, 206-2, 394-1, 394-2, 394-3, 394-4, 394-5, 394-6, 422-1, 570-1, 570-2 жолдармен толықтырылсын:

"

138-1	Төремұрат батыр кесенесі, XX ғасыр	киелі объекті	Бейнеу ауылынан 25 шақырым оңтүстік-батыс бағытта, Үстірттің батыс шын-кемеріндегі Күйкен тауының шығысында 3 шақырым жерде
206-1	Күйеу там, XVI – XVII ғасыр	киелі объекті	Сенек ауылынан 20 шақырым солтүстік-батыс бағытта, Шопан-ата қорымынан батыс жағындағы төбе жал үстінде
206-2	Темір баба некрополі XIII – XX ғасырлар	ансамбль мен кешен	Жаңаөзен қаласынан 85-90 шақырым оңтүстік бағытта орналасқан, Кендірлі демалыс аумағынан 27 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай
394-1	Шолы ана некрополі, (15 объект) XIX ғасыр	ансамбль мен кешен	Қызылсай ауылынан 17 шақырым солтүстік бағытта
394-2	Қыдырша ата некрополі, XIX - XX ғасырлар	ансамбль мен кешен	Төлеп селосынан 86 шақырым оңтүстік-шығыс бағытта, аласа жотада орналасқан
394-3	Қаракыз некрополі, (23 объект) XIX ғасыр аяғы – XX ғасыр басы	ансамбль мен кешен	Бекі ауылынан 12 шақырым солтүстік бағытта

394-4	Құдайберген күмбезтамы, XX ғасыр	қала құрылысы және сәулет	Шетпе ауылынан 23 шақырым солтүстік – солтүстік-шығыс бағытта
394-5	Қармыс батыр кесенесі, XX ғасыр	киелі объекті	Сайөтес ауылынан 47 шақырым шығыс бағыттағы Қыземшек қорымында орналасқан
394-6	Үлек некрополі, XV-XX ғасырлар	ансамбль мен кешен	Ақшымырау ауылынан 25 шақырым солтүстік-шығыс бағытта
422-1	"Песчаный" маягі, 1956 жыл	қала құрылысы және сәулет	Құрық ауылынан 30 шақырым батыс бағытта
570-1	Қазбайыр-2 некрополі, (8 объект), XIV – XVII ғасырлар	ансамбль мен кешен	Таушық ауылынан 12 шақырым солтүстік-батыс бағытта
570-2	"Қызылөзен" маягі, XX ғасыр ортасы	қала құрылысы және сәулет	Қызылөзен ауылының батыс беткейінде

".

2. "Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

Н. Қилыбай